




# АНА ТІЛІ

1990 жылғы  
наурыздың 22-сінен  
бастап шығады

Ұлт Тағзымы

Сөзі жоғалған  
жұрттың  
өзі де жоғалады





**Нұрсұлтан Назарбаев жайлы жыр мен сыр**

**Тұрғанда көктен сәулесін төгіп,  
Ай қарап,  
Әуеден тамған әулие нұры аймалап.  
Өмірге келді қазақтың Нұры, Сұлтаны,  
Бата берді Тәттібала әже ай қабақ.**

**Бірінші жыр  
ҚЫРАН МЕН ЖЫЛАН**

**I**

Сол сәтте...

Аспаннан нұр құйылған жауын еді,  
Әлжан ана аяғы ауыр еді,  
Түсіне босанарда кірді аруақ,  
Ауылдың бәрі оған бауыр еді.

– Әз Ана, – деді аруақ, – түсініп ал,  
Зерексің жарым сөзден кісіні ұғар,  
Туатын бұл перзентің – хас данышпан,  
Халқына қызмет етер кісі болар.

Соны айтты да жөніне кете берді,  
Ой Әлжанды сан-саққа жетеледі.

«Қарасайлап» сыйынды ол аруаққа,  
Жасынан сөз ұғатын жетелі еді.

Сол күні-ақ толғағы оның жиіледі,  
Оттан түспей «жарыс қазан»  
күйеленді,  
Жан жары Әбіші жүр алабұртып,  
Керілген басқұрға Әлжан сүйенеді.

Тағы да қысқан толғақ жиіледі,  
Тағы да «жарыс қазан» күйеленді.  
Оранып таң нұрына сәби туды,  
Топырағы қазағымның киелі еді.

Қыркыншы жыл, шілденің алтысы еді,  
Кіндік шеше Тұрсынның талтүсі еді.  
Күн шықты Алатауды нұрға бөлеп,  
Дегенде «Жолдасы сәбиінің ал түседі».

Күн шықты күншығыстан сый ақтарып,  
Қуанды әке кеудеден күй ақтарып,  
Ат қойды перзентіне Нұрсұлтан деп,  
Қазақтың болашағы ол сияқтанып.

Әбіш те жай кісі емес, киелі ғой,  
Айтқан сөзі әрдайым жүйелі ғой,  
«Әрі Нұр, әрі Сұлтан туды Әлжан,  
Алпыс екі тамыры иеді ғой...»

Деп Әбіш айтты ана қасиетін,  
Әлжанға әуелден ол бас иетін,  
Екеуі екі жақтап өсірді ұлын,  
Бойына сіңірді ата өсиетін...

## II

Тоқтамай уақыт алға көше берді,  
Жайрандап жас Нұрсұлтан өсе берді.  
«Жыландыой» бойында әлде бір күн,  
Ордалы жылан жолын кесе берді.

Шақпақ боп жас баланы жөңкіледі,  
Сол сәтте аспанда Күн күркіреді.  
Тиме! – деп – Ертеңгі Ұлы Нұрсұлтанға!  
Ашуланып Жер-Ана сілкінеді...

Жайлауда жылқы үркіп дүркіреді,  
Жыландар інге қашып жөңкіледі.  
Қазақтың бақытына аман қалған,  
Аймалап Нұрсұлтанدى Күн күледі...

### III

Қолына әліппе атты шам алғанда,  
Оқыды жас Нұрсұлтан Шамалғанда.  
Жарыса сипады оны маңдайынан,  
Әке – Әбіш, Ана – Әлжан демалғанда.

Он жылдық ойдағыдай аяқталды,  
Көп барып Алматыға аяқ талды.  
Өмірден өз жолыңды таңдайтұғын,  
Шешуші мезгіл де енді таяп қалды.

Нұрсұлтан – нұрлы жігіт ардан туған,  
Жасынан еңбек етіп, арман қуған.  
Тағдыры Теміртауға алып келді,  
Қаратпай оқуға да алда тұрған.

Есінде мың градус от кешегі,  
Балқытып болатты ол от көседі.  
Қайнады қазанында Теміртаудың,  
Халқы үшін қажет болса от кешеді.

### IV

Уақыт өте берді, жылыстады,  
Нұрсұлтан қиындықтан ығыспады.  
Фәниден бақилыққа кетті аттанып,  
Ата-ана, жақындары, туысқаны...

Еске алса өткен күнді алыстағы,  
Жастықтың елестейді таныс бағы...  
Теміртауда тауып ол өз Сарасын,  
Көп сұлу оған ғашық алыс қалды.

Босатпай бодандықтың тас қамалы,  
Жанарын талай қазақ жасқа малды.  
Алаңға желтоқсанда шықты жастар,  
Күрестің болмаған соң басқа амалы.

Сол шақта ер Нұрсұлтан ту ұстады,  
Талай биік беделден ығыспады.  
Атқанда азаттықтың аппақ таңы,  
Байрағын тәуелсіздік нық ұстады.

Қазақтың Абылайы, арыстаны,  
Ғасырда бір-ақ туар данышпаны.  
– Аға халық жоқ! – деген сөзді айтып,  
Ерлік қой елі үшін алысқаны.

Қытаймен, Ресеймен ұрыспады,  
Қиюсыз қиын істі дұрыстады.  
Биік ұшқан қыранды көре алмаған,  
Жердегі жылан-адам құрыстанды.

## V

Нұрсұлтан алты алаштың аяулысы,  
Халқына қызмет ету қалаулы ісі.  
Жаралған қайрат пенен ақыл-ойдан,  
Тарихтың өзі екшеген санаулысы.

Азияның оза шапқан құлагері,  
Халқына көңілі жастан құлап еді,  
Нұрсұлтан шет елдерге барған сайын,  
Қазақтың асқақтайды құба белі.

Өмірге қайта келіп Абылайы,  
Қазақтың қайта туды Күн мен Айы,  
Нұрсұлтан – жана Абылай жасай берсін,  
Саясат әлемінің Гималайы!..

## VI

– Өсірген Дариға, Динара, Әлиясын,  
Жақсы әке, жаны жомарт дариясын,  
Ел үшін ер Нұрсұлтан, аман бол, – деп  
Тілеген көрдік елдің қариясын.

Сүйсе кім жан-тәнімен жанұясын,  
Сыйлайды елінің де қариясын,  
«Тарих толқынында» еркін жүзген,  
Сүйеді ел Нұрсұлтандай дариясын.

## VII

Кіндік шеше Тұрсын әпке «түс көрді,  
Түс емес-ау ғажайып бір іс көрді»...  
Ұлы рух боп Әлжан, Әбіш сөйлеп тұр,  
Дейді олар:

– Елдік, бірлік сыналатын түс келді.

Перзент сүйдік Құдай өзі бергесін,  
Үміт еттік аруақты түсте көргесін.

Біз ғана емес, ел перзенті Елбасың,  
Оны аман сақтамасаң елге сын.

Бар кезде де сөз айтатын жүйелі,  
Жай кісі емес, Нұрсұлтаным киелі,  
Аспан-Ата, Жер-Ана оны қолдап тұр,  
Құдай да оны перзентім деп сүйеді.

Жолын енді бөгемесін жыландар,  
Бірге жүрсін елін сүйген қырандар, –  
Әлжан, Әбіш, – деп ұлы аманат айтып тұр:  
– Амандығын бір Алладан сұрандар,  
Амандығын бір Алладан сұрандар!

## Екінші жыр ЕР ТҮРІКТІҢ НӘСІЛІ

Болғаннан соң Өзің – Сұлтан, Өзің – Нұр,  
Ақтарылды ағыл-тегіл сезім-жыр.  
Біраз іркіп көріп едім ойымды,  
Шыдамады бойымдағы төзім бір.

Шыдамадым жүректегі шындығым,  
Сізді жырлау мына маған сын бүгін.  
Ақ көңілмен ақ тілекті айтамын,  
Айқара ашып ақиқаттың түндігін.

Сирек туар Сіздей асыл пейілді,  
Сіз көсемсіз көреген де, зейінді.  
Өзіңізді хан көтерді Қазағым,  
Қасиетті Абылайдай кейінгі.

Қазағыма талай бұлттар үйрілді,  
Ер Түрікке Нұр мен Сұлтан бұйырды.  
БҰҰ-да сөйлегенде Нұрсұлтан –  
Бүкіл дүние дүр сілкінді, сүйінді.

Рушылдық, жершілдік өлтіріп,  
Ордабасыға көтерілді ер түрік.  
Қиын істің қиюын да тапты ол –  
Барлық ұлтты келісімге келтіріп.

Бабаларың ерге салған салмақты,  
О бастан-ақ дербестікті таңдапты.  
Кемел оймен Сіз көтеріп келесіз,  
Бар қазаққа түсіп тұрған салмақты.

Ашық айтсам сөзімнің жоқ бұлтағы,  
Жүректегі суымайды жыр табы.  
Қайда болсын қажымауға тиісті  
Қасиетті Қарасайдың ұрпағы.

Ел басқару қиынның да қиыны,  
Керек оған мың Алпамыс иығы.  
Шешілуі оңай емес шынында  
Шиеленіп қалған жіптің түйіні.

Абылайлар қастерлеген ақынын,  
Абыздар да аямаған ақылын.  
Қазір Сізге бәрі бауыр, бәрі дос,  
Болмас түбі жазушыдан жақынын.

Қазақтағы жазушының бірі едім,  
Оттай ыстық Сізге деген тілегім.  
Қара сөздің шебері боп жүрсем де,  
Ақын болып кетті Сізге жүрегім.

### Үшінші жыр АЛТЫ АЛАШТЫҢ АСЫЛЫ

#### I

Қайраты қайтпас, айбыны бейне арыстан,  
Жасаған нұсқа халқына ұлы барыстан.  
Қазақтың елін танытқан бүкіл әлемге,  
Ғасырларда туар Сіздей данышпан.

Сіз – Нүреке, әз Тәукенің көзісің,  
Ең ұлы хан Абылайдың өзісің.  
«Нұрсұлтанға тең келетін патша жоқ», –  
Деп айтатын көпшіліктің сөзі шын.

Түркі әлемі дейді Сізді айбатты ер,  
Жасыса елің намысын жанып,  
қайрат бер.

Астананы қиын кезде көшірген,  
Ғасырларда туар Сіздей қайратты ер.

#### II

Әуелден жаның жомарт, биік едің,  
Көңілдің күмбірлеген күйі едің.  
Ең алғаш Қарағандыда көрген кезде,  
Мен Сізді ақылман деп сүйіп едім.

Көз жазбай заманадан, құбылыстан,  
Қараймын шыққан күнге күншығыстан.

Есіме Күн түскенде Сіз түсесіз,  
Сағындырып көзіме бұлбұл ұшқан.

Ту тіккен Сарыарқаның жазығына,  
Бас иемін жас Астана мазмұнына.  
Елулікке ену де алыс емес,  
Орнайды бақытты өмір жазы мұнда.

Сезімің ел деп ылғи алып ұшқан,  
Кезің жоқ қателескен, жаңылысқан.  
Сізден асқан шешенді көргенім жоқ,  
Өмірлік досыңызбын жаны ұғысқан.

Айтсақ біз ақиқатты жасырмастан,  
Данасыз барлық ұлттың басын қосқан.  
Сізден асқан көсемді көргенім жоқ,  
Бар ісің аңыз болар асыл дастан.

Қиындық келген кезде жасымаған,  
Бақытқа басы айналып тасымаған.  
Бастаған ұлы көшті болашаққа,  
Туар ма дәл өзіндей асыл Адам!

Бірлік, бақыт, ынтымақ, ырысымыз,  
Жазылар тарих болып ұлы ісіңіз.  
Өз көзіммен көрдім де, жайдым елге,  
Шетелдерде де жемісті ұлы ісіңіз.

Жасыңнан ұлы ерлікті тұғыр еттің,  
Еңбексіз өткен емес бір рет күн.  
Халықтар бақытының бағбаны,  
Мен Сізді жырлап өтем Құдіреттім.

Көсемсіз берген елге рең, көрік,  
Тұрмасын хас тұлпарлар жүгенделіп.  
Бастан бақ, астыңыздан тақ кетпесін,  
Жасай бер, бар арманың түгенделіп.

Тәуелсіздік тарихымның жалғасы,  
Ғасырларда туар сіздей Елбасы.  
Қайда жүрсем деп жүремін ішімнен,  
«О, Тәңірі, қолдай көрші, қолдашы».



Бола алатын бір кісіңмін дос анық,  
Қабылдарсыз бұл сөзімді хош алып.  
Ақ қағазға ақ тілегін ораған,  
Деп білерсіз мені Сәбит Досанов.

### Төртінші жыр БОЙЛАТПАС МҰХИТ ОЛ ТЕРЕҢНЕ

Көк аспандай көрсетпейтін көлемін,  
Көк теңіздей өлшетпейтін тереңін.  
Нұрсұлтаным, Елім сүйген Елбасым,  
Сен де алпысқа келдің құрыш беренім!

Татқандықтан дауыл дәмін талайын,  
Еліңді ойлап ерте ағарды самайың.  
Ерлік пенен даналықтан жаралған,  
Тереңсің сен тең келмес еш ағайын!

Алты Алаштан асып туған ақылдым,  
Халқыңды ойлап таңды ұйқысыз  
атырдың.

Елің үшін от пен өрттен таймаған,  
Жанарыңда қалың ой мен жатыр мұң.

#### II

Көңіліңді көншітпеді салқын бак,  
Сан сындарда көш бастадың  
жарқылдап,  
«Аға халық жоқ!» деп айтып Мәскеуде,  
БҰҰ-да сөз сөйледің саңқылдап.

Америка да орағытып алыстан,  
Еуропа да Өзіңмен қол алысқан.  
Саясатта жібермедің есенді,  
Жаратылған жан екенсің намыстан.

Көрші Ресей – аузы алмас арыстан,  
Қытай отыр ықпаймыз деп барыстан.  
Қос алыпты қос түйінмен тұсадың,  
Ел бағына туған ерсің данышпан.

#### III

Тәуелсіздік болған мәңгі арманы,  
Қазақ әні қай қиырға бармады.  
Әр сөзіңе әлем құлақ түреді,  
Еліңді ойлау өміріңнің бар мәні.

Бой алдырмай биліктің даң-дұңына,  
Құлақ асқан халықтың зар-мұңына.  
Батаменен көсегесі көгерген,  
Нұр-Сұлтансың шомылған таң нұрына.

#### IV

Асқақ арман асып талай белестен,  
Алып шыққан халқын қиын егестен.  
Қайратты ерсін, қайраткерсің бүгінде,  
Ататүрік, Вашингтонмен теңескен.

Ерлік тумас деп егеспен де, елестен,  
Көрегенсің даналармен кеңескен.  
Сын сағатта төл теңгеге сөз берген,  
Ерлігіңді шығарар ма ел естен?!

#### V

Тарихтың дамыл таппай дөңгелегі,  
Өзгерді дүниенің кең көлемі.  
Он-ақ жылда орнады жаңа астана,  
Ерлікке толқып тарих тербеледі.

Тарихтың толқып, тасып өзендері,  
Даналық үстем болар кезең келді.  
Көргенде Нұрсұлтанның нұрлы жүзін,  
Талай патша тез иіліп, тез өзгерді.

#### VI

Көз жетпес көк аспандай көлеміне,  
Бойлатпас көк теңіздей тереңіне.  
Елбасым, Елін сүйген Нұрсұлтаным,  
Қонған бақыт дер едім мен Еліме.  
Сіңірсе ерен еңбек ел есінде,  
Көп созып өлең сөзді керегі не?  
Ғасырларда бір туар Назарбаев  
Бойлатпас мұхит қой ол тереңіне.



**Бесінші жыр**  
**АЙ МЕН КҮНДЕЙ АРАЙЛЫ**

Ұлы істер қаққан шақта қанатын,  
Әдетім бар құттықтайтын, жанатын.  
Аспандағы Ай мен Күндей асылсыз,  
Тарихтан ойып орын алатын.

Ұлы істен тапқан дәйім мұратын,  
Бар өмірі ірілік пен ерліктерден тұратын.  
Сіз, Нүреке – халқымыздың бақыты,  
Тәуелсіздік сәулеткері – ұлы ақын!

Жай кісі емес, азаматсың киелі,  
Сөзің дағы, ісің дағы жүйелі.  
Қиын кезден алып шықтың халқыңды,  
Содан да елің перзентім деп сүйеді.

Данышпансың жүгендеген уақытты,  
Сирек туар тарих Сіздей жақұтты.  
Бақ пен тағың болсын бірге өзіңмен,  
Өзің барда халқымыз да бақытты.

Аспандағы Ай мен Күндей арайлы,  
Нұрсұлтаннан нұрлы шуақ тарайды.  
Ғасырларда бір-ақ туар тұлға деп,  
Дос сүйсініп, дұшпан күйіп қарайды.

Қызметте жүрмесек те бірге біз,  
Ұлы Елбасы мәңгі Сізбен біргеміз.  
Өзің барда Қазақстан бақытты,  
Сызат түсіп сөгілмейді іргеміз.

Бар жақсылық Өзінен табылғандай,  
Елімізге құт болған жолың қандай.  
Шыққан сайын туған ел бір белеске,  
Құттықтауға асығам сабыр қалмай!

Сіз сөйлеген сөздерде жалын қандай,  
Соны елге жеткізем жаным қалмай.  
«Тарих толқынында» оқығанда,  
Сан ойлар санамызда сабылғандай.

Ақ қағазбен ақ тілек жолдасам да,  
Жолыңа берерім көп, алмасам да,

Даналық әр ісінді жырлай берем,  
Жаныңда Бұқар жырау болмасам да.

Ең мықты Президентсіз ісі мықты,  
Үйренсін әркім Сізден кісілікті.  
Шетелдік мықтыларға бас шұлғытқан,  
Данасыз бар әлемге түсінікті.

Жұлдызсың зеңгір көкте жанып тұрған,  
Қақ жарып қараңғыны жарық қылған.  
Айналайын халқымнан – қазағымнан,  
Өзіңдей қайталанбас алып туған!

Алла нұры өн бойыңа құйылсын,  
Қиналмай өт кездесе егер қиын сын.  
Басыңнан бақ, астыңнан тақ кетпесін,  
Дұшпан күйіп, достар әркез сүйінсін!

### **Алтыншы жыр АЛЛА НҰРЫ**

Алла нұры төбеңе құйылып бір:  
«Жаһанға бар қазақтың күйін ұқтыр», –  
Деп Өзіңе билікті берген шақта,  
Бүкіл әлем Өзіңе сүйініп тұр!..

Көк аспандай көк байрақ көгімізде,  
Киелі ғой көкбөрі тегіміз де,  
Дара туған данышпан Өзің барда,  
Сенемін жұмақ орнар жерімізге.

Оралып басыңдағы тайған бағы,  
Қазағым тәуелсіз боп сайрандады.  
Айдынына ашық теңіз алып шықтың,  
Кемені қайырылған қайраңдағы.

Даналықпен егіз болды саясат,  
Қиын кезде таныттыңыз парасат.  
Елдік, ерлік сынға түскен шақтарда,  
Қай қайраткер Өзіңізбен таласат?!

Ел үмітпен Өзіңізге қарайды,  
Ар ордадан алтын шуақ тарайды.  
Құдай Сіздің көңіліңізді көтерсін,  
Әр таңымыз бола берсін арайлы.

Ақиықсыз алашта асыл бөтен,  
Жендіңіз қиындықты небір төтен.  
Саулығынды сұрайды бір Алладан,  
Қазағымның даласы – жасыл мекен.

Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы –  
Жай ұл емес, Ел сүйген Елдің Ұлы!  
Мақтау аз, Нұрсұлтанмен мақтанайық,  
Қазақтың аспандағы ол алтын Нұры!

Ту еткен бабалардың өсиетін,  
Данышпан барша халық бас иетін.  
Елбасым – ер Нұрсұлтан дара тұлға,  
Таныған әлем оның қасиетін!

Қазағымның бақытына, бағына,  
Халық сеніп қайта отырған тағына.  
Тілеуіңді елің болып тілейді,  
Әлем Сізге қол соққанда табына!

\* \* \*

Тәуелсіздік! –  
Сені ойлап ұйықтадым,  
сені ойлап ояндым,  
Елбасыға, Еліме де қымбатсың, аяулым!  
Елім тыныш, Елбасым аман тұрғанда,  
Жанымызға жоламайды қаяу мұң!

### **Жетінші жыр САН ЕРЛІККЕ БАРҒАН ЕЛДІҢ ҚАМЫ ҮШІН**

Қазағымның жібермеген намысын,  
Сан ерлікке барған елдің қамы үшін.  
Ақылымен табындырды Елбасым,  
Шет елдің де жақыны мен алысын.

Абылайдай ақылы асқан қияқты,  
Қабанбайдай арыстан жүрек тұяқты.  
Халық үшін туған біздің Нұрекен,  
Дәл кешегі Ататүрік сияқты!

### **Сегізінші жыр ОЙЛАЙДЫ ХАЛҚЫН КӨЗ ІЛМЕЙ**

Даналардың көзіндей,  
Сөзі Бұқар сөзіңдей.  
Қайратына қарасам,  
Абылайдың өзіндей.

Бекзаттығы аппақ сезімдей,  
Саясатта семсер сезілмей.  
Нұрсұлтандай дана қайда бар,  
Ойлайтын халқын көз ілмей.

Бір өзі ел туындай,  
Лебізі алтын буындай.  
Нұрсұлтан сынды дананың,  
Тұрсыншы туы жығылмай!

Әр ісін қолдап демендер,  
Артық айтты демендер.  
Әр ғасырда тумайды,  
Нұрсұлтандай кемеңгер!

### **Тоғызыншы жыр АНА АМАНАТЫ**

Патша анам, еңіреген ер едің,  
Әлсіз көрсен, көмектестің, демедің.  
«Атар болса азаттықтың ақ таңы,  
Құрбандыққа мен әзірмін» деп едің.

Сіз аңсаған азаттықтың таңы атты,  
Қазақстан жазды еркін қанатты.  
«Ел үміті Нұрсұлтан сынды данада, –  
деп едіңіз – болашақ патша ол  
талантты».

Деп едіңіз: «Нұрсұлтанды сақтандар,  
Қолдап әркез жақсы ісін мақтандар.  
Бірлік болса ел еңсесін тіктейді,  
Арайланып атар алдан ақ таңдар».

Айтқаныңыз айдай келді, жан ана,  
Ер Нұрекең күйды талай санаға:  
«Ең қымбатың Тәуелсіздік, сол үшін,  
Аянба, Елім, жаным менің садаға».

Тәуелсіздік туын қолда нық ұстап,  
Қиюы қашқан, қиын істі дұрыстап.

Елбасымыз Назарбаев Нұрсұлтан,  
Қалың елін даналықпен тұр ұстап.

**Оныншы жыр**  
**ҚУАТ АЛҒАН ҒАРЫШТАҒЫ**  
**ЖАСЫННАН**

Данышпансыз бағындырған уақытты,  
Сыйладыңыз халқымызға бақытты.  
Алла жар боп, әлі де елді бастай бер,  
Жарқыратып алтын тақта жақұтты!

Тек Өзіңіз мәңгіліктің жолдасы,  
Ғасырларда туар Сіздей Елбасы.  
Аспанда Алла, жерде халық әрқашан,  
Деп тілеймін «Нүрекенді қолдашы!»

Қуат алған ғарыштағы жасыннан,  
Жаратылған Әлжан, Әбіш асылдан.  
Алты Алаштың Нұры менен Сұлтаны,  
Атақ, даңқың ассын талай ғасырдан.

*Алматы, 1998-2017 жж.*



**Сәбит ДОСАНОВ,**  
**жазушы,**  
**Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Халықаралық Махмұд Қашқари**  
**атындағы «Түрік әлеміне сіңірген аса зор еңбегі үшін» сыйлығының**  
**лауреаты**